




ТАҚЫРЫБЫ:
Батылдық пен өжеттік





Сабақтың мақсаты: Оқушылардың «Отан», «халық», «махаббат» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- батылдық, өжеттік ұғымдары туралы түсінік беру;
- шешім қабылдай білу іскерліктерін дамыту;
- батылдыққа, отансүйгіштікке, өжеттікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: оқулық, ұнтаспа, презентация.
сөзжұмбақ







Сабақ барысы:

• **Ұйымдастыру кезеңі.** (*сәлемдесу, түгендеу, құрал-жабдықты талап ету*)

Тыныштық сәті.

Тамаша таңертеңгі ашық күнді елестетіңіз. Сіз тынық та ерекше көлдің жағасындасыз. Тек қана сіздің тыныс алғаныңызбен судың сылдыры естіледі. Күн жарқырап нұрын төккен сайын сіз өзіңізді жақсы сезінесіз. Құстардың сайрағаны мен шегірткенің шырылы естіледі. Сіз салмақтысыз. Ауа таза және мөлдір сіз барлық денеңізбен жылуын сезінесіз. Сіз осы тып тыныш таңертеңгі мезгіл сияқты бір қалыпты және қозғалыссыз тұрсыз. Сіз өзіңізді бақытты сезінесіз. Барлық дене мүшелеріңіз тыныштықта және күн нұрына бөленуде. Сіз жақсы демалудасыз енді көзімізді ашамыз. Біз тынығып, көңіл-күйіміз жақсарды, сергекпіз, жағымды сезімдер күні бойы бізбен бірге болады.





• **Үй тапсырмасын тексеру.**

Өзімшілдік пен көпшілдік туралы өмірден мысал келтіріп айтыңдар?







Мәтінмен жұмыс:

- Балаларға мәтінді оқытып, пікірлерін айтқызамын.
- Әңгімелеу (сұхбат).
- -Қаһарманның ержүрек батырлығын қандай іс-әрекетінен байқадыңдар?
- -Қаһарман батырдың тағы қандай жақсы қасиеттері туралы айта аласыңдар?
- -Өздеріңнің бойларыңда батылдық бар деп ойлайсыңдар ма? Неліктен?
- -Батылдық, өжеттік көрсеткен күндерің болды ма?
- Батыл болу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?



Дәйексөз:

Батыл болмай, батыр
болмайды





-Бойында батылдығы бар адам батыр бола алады. Ал батыл болу үшін өжет, төзімді, шыдамды, сабырлы, қорқуды білмейтін адам болу керек. Ондай адам батыр бола алады. Сондықтан да халық «Батыл болмай, батыр болмайды» деп айтқан.



5.Жаттығу: Балалар тарихтағы батырларды еске түсірейікші. Олардың бойындағы қасиеттерді саралап айтайық және топтастырып көрейік.



6.Сергіту сәті:

Адам бойына батылдықтың қалыптасуына дене жаттығуларының да әсері бар. Солай емес пе балалар.Онда сергіту сәтін жасайық

Шынығамыз жастай біз (орындарынан тұрады)

Жаттығуды бастаймыз (Қолдарын бүйірлеріне қояды)


Бір, екі, үш, (Қолдарын алға, жоғары, жанына созады)

Бір, екі, үш, (Қолдарын алға, жоғары, жанына созады)

Бойымызға жинап күш (қолдарын ішке бүгеді)

A decorative golden ribbon border frames the text. The ribbon is thick and has a metallic sheen, with a central blue gemstone at the bottom center. The background is white with faint, stylized floral patterns.

7. Ойын: Оқушылар жарты шеңбер жасап тұрады. Ортада ұзындығы 2-3 метр болатын түзу сызық сызылады. Меже белгіленеді Ортаға бір ойыншыдан шағады. Ойыншыны ойын басқарушы орнында тұрып айналдырады. Бірнеше рет айналғаннан кейін сызылған сызықтың бойымен екі қолын жайып түп-түзу жүру керек. Кім межеге сызықтың бойымен ауытқымай түзу жүріп жетсе сол батыл жеңімпаз болады. Жеңімпаздарды марапаттап қол соғып қошаметтейміз.

The background is a soft pink color. A white scroll with a gold ribbon is draped across the top. The scroll is decorated with several pink roses and green leaves. The text is written in a green, serif font on the scroll.

8.Тапсырма: «Өмірде ерлікке орын жетеді» тақырыбында әңгімелеп беріңдер?

**9. Дәптермен жұмыс 1-
тапсырма Дәптерде
берілген сөзжұмбақты
шештіремін.**



10. Қорытындалау

-Батылдық- адам бойындағы жақсы қасиеттің бірі. Адам батыл болу үшін бала күнінен денесін шынықтырып, салауатты өмір сүру керек. Халық батырларының өмірін мақтаныш етіп, үлгі тұта білейік. Бойымызға батырлықты, батылдықты дарыта білейік

Батыр ата

«Батыр!» деген барша сүйген жақсы сөз,
Алтын туы сияқты ол ғасырдың.

Батыр ата: «Батыр бол!»-деп ұрандар!

Естіңдер жас жеткіншек қырандар!

Батыр болып туған жерді қорғауды-

«Шын бақыт!»- деп тілек етіп сұрандар.

**Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**

